# 1-Қыркүйек «Білім күніне»арналған іс-шара жоспарлары

2023ж

№ 11 «Балапан» бөбекжай-балабақшасы

Бекітемін:
Балабақша меңгерушісі:
_________ С.Мухашова

Тексерілді:
Балабақша әдіскері:
_________А.Шуиншалиева



# Тәуелсіздік жетістіктері

/1 қыркүйек -білім күніне арналған іс-шара/

№1 «Айгөлек» кіші тобы

2023-2024 оқу жылы

**Міндеті:** Балалар 1-қыркүйек күні – білім күні жайында түсінеді. Өз туған елдеріне, жерлеріне, балабақшасына сүйіспеншілікке тәрбиеленеді. Байланыстырып сөйлеуге, сөйлем құра білуге үйренеді.

**Ресурстар:** Қазақстан Республикасының рәміздері, суреттер, түрлі түсті шарлар, сандықша, оқу құралдары, ойыншықтар.

**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, көрсету, бала үні, миға шабуыл, коммуникативтілік, қызығушылығы, дербестігі, 4К-сыни ойлау, құрылымдалған ойын, ақпараттық технология, өзін-өзі бағалау әдісі.

**Ширату жаттығуы**

Естігенде көк аспанның астында,
Тік тұрындар айтылғанда Әнұран.
Бар қазақтың үніндей шарықта,
Шарықташы, Әнұраным, шарықта! Мемлекеттік Гимн орындау.

**Тәрбиеші:** Қымбатты балалар! Сіздерді бүгінгі жарқын да қуанышты, айтулы мереке – Білім күнімен құттықтаймын!
Балалар, бүгін бізде ерекше күн, бүгінгі оқу қызметіміз біздің білім күніне, бірінші қыркүйек күніне арналады. 1-ші қыркүйек күні барлық балабақшаларда, мектептерде басқа да білім беру мекемелерде сабақтар, оқу-қызметтері басталады. 1-қыркүйек барша халықтың дәстүрлі мерекесі! Бұл күн сендер үшін, яғни оқушылар үшін және біздер үшін, ұстаздар, тәрбиешілер үшін үлкен мереке күні болып саналады. Әр бір мектептерде, балабақшаларда, басқа да білім беру мекемелерде тұңғыш қоңырау соғылады (*тәрбиеші қоңырау соққан баланың суретін көрсетеді*).
Осы тұңғыш қоңыраудан бастап күнделікті оқу басталады. Балалар, жақсы, білімді, тәрбиелі азамат болу үшін, ерінбей оқу оқып, білім алу керек. Ол үшін сендер балабақшаға күнде келіп, сабақ оқып, тәрбие алу керексіңдер.
Балалар, біз өткен оқу қызметімізде Қазақстан Республикасының рәміздері жайында білім алғанбыз, ендеше есімізге түсірейікші, біз қандай Қазақстан Республикасының рәміздерін білеміз.
*(балалардың жауабын тыңдау)*
-Дұрыс, Гимн, Елтаңба, Ту.
Балалар, айтыңдаршы, біз қай Республикада тұрамыз?
Балалар: Біз Қазақстан Республикасында тұрамыз.
Тәрбиеші: Дұрыс. Қазақстан Республикасының президенті кім?
Балалар: Қасым-Жомарт Тоқаев Кемелұлы
Тәрбиеші: Өте жақсы. Біздің Қазақстан Республикасының елордасы қай қалада?
Балалар: Қазақстан Республикасының елордасы Нұр-сұлтан қаласы.
Тәрбиеші: Өте жақсы балалар. Айтыңдаршы, біз қай қалада туып, өмір сүріп жатырмыз?
Балалар: Біз Қызылорда қаласында туып, өмір сүріп жатырмыз.
Тәрбиеші: Балалар, айтыңдаршы, біздің балабақшамыздың аты қалай?
Балалар: «Балапан» бөбекжай-балабақшасы.
Тәрбиеші: Өте жақсы балалар. Сендер өздеріннің Республикаларын, рәміздер

жайында, елорда жайында барлығын білесіңдер. Жарайсыңдар!

***Ендеше біз бүгінгі мерекеге арналған өлең тақпақтарымызбен оқу қызметімізді жалғастырайық.***

**Санжар:**

**Құрылымдалған ойын: «Ғажайып сандық»**
**Шарты:** ғажайып сандықтың ішінен бірнеше заттар ойыншықтар, оқу құралдары бар. Сол заттардың ішінен оқу құралдарының бірі бөлек, ойыншықтарды бір бөлек жинап алу керек. *(балалар оқу құралдары мен ойыншықтарды ажыратып, бөлек жинайды).*

**Қорытынды**
Тәрбиеші: Міне, балалар, осы күннен бастап бізде күнделікті оқу қызметіміз, қызықты да көп нәрсеге үйренетін күндеріміз басталды. Әрқашан бүгінгідей жақсы көңілмен, барлығын үйренеміз. Бүгінгі оқу қызметіне жақсы қатысқандарың үшін көп рахмет. Баршаңызды бүгінгі Білім күнімен және жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын. Сіздерге бүгінгі ерекше, жайма шуақ күні жақсы көңіл күй, жаңа жетістіктер мен ұдайы ізденіс, шығармашылық, мықты денсаулық және жаңа бастамаларда тек қана сәттілік тілеймін! Бүгінгі күн Сіздер үшін үлкен үміттер күні болсын!

# Тәуелсіздік жетістіктері

## 1 қыркүйек-білім күні











## №1 "Айгөлек" кіші тобы 2023 жыл



№11 «Балапан» бөбекжай-балабақшасы

Бекітемін:
Балабақша меңгерушісі:
__________С.Мухашова

Тексерілді:
Балабақша әдіскері:
__________А.Шуиншалиева

# Әділетті Қазақстан: сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт

/1 қыркүйек - білім күніне арналған іс-шара/

№4 «Балапан» ерте жас тобы

Тәрбиешілер: М.Кемалова
Ә.Өтепберген

01.09.2023жыл

# Тәрбиелік іс-шара

**Тақырыбы**: «Әділетті Қазақстан: сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт»

**Міндеті**: Балалардың Отанға деген сүйіспеншілігін оята отырып, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу

**Көрнекіліктер**: Тақырыптық суреттер, видеоролик, бәйтеректің макеті

## Барысы

## І Ұйымдастыру

1.**Балаларды шаттық шеңберіне тұрғызу**

Қуанамын мен де,

Қуанасың сен де.

Қуанайық достарым,

Арайлап атқан күнге.

2. **Жыл мезгіліне, ерекшеліктеріне тоқталу**

Күз мезгілі. Күн суық. Адамдар қалың киінеді. Ағаш жапырақтары сарғаяды т.б.

3. **Тақырыпты хабарлау**

## ІІ Негізгі бөлім

1.**Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұранын орындау**

2.**Тақырыптық суреттерді және видеороликті пайдалана отырып, жаңа тақырыпты түсіндіру**

а) Біздің Отанымыз - Қазақстан.

ә)Тұңғыш Президентіміз - Н.Ә.Назарбаев. Қазіргі Президентіміз - Қ.К.Тоқаев.

б) Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері – Ту. Елтаңба. Әнұран.

в) Елордамыз - Астана қаласы. Символы - бәйтерек.

г)Біз қазақ тілінде сөйлеп, қазақ тілінде білім аламыз.

3. **Дидактикалық ойын**: «Күн шуақтары»

Шарты: Балалар күннің шуақтарын орналастырады.

## III Қорытынды

1.**«Мен тілеймін...»** (балалардың тілектері)

2. **«Жаса Қазақстан»** әніне билеу

# "Әділетті Қазақстан: сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт"













**"Балапан" кіші тобы**

**Тәрбиешілер:**
**М.Кемалова**
**Ә.Өтепберген**

№11 «Балапан» бөбежай – балабақшасы

**Бекітемін**
**№11 «Балапан» бөбекжай- балабақшасы**
**КМКК –ның**
**меңгерушісі_____________С.Мухашова**

**Тексерілді:**
**Балабақша әдіскері:**
**_________А.Шуиншалиева**

# «Әділетті Қазақстан: сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт»

«Ертөстік» ортаңғы тобы

2023-2024 оқу жылы

**Мақсаты:**

- 1 қыркүйек – Білім күні мерекесінің маңызын түсіндіру, сезіндіру;
- Бүлдіршіндерге Білім күні мерекесінің мән-мағынасын ұғындыру;

*«Әнұран» орындалады.*

**Тәрбиеші:** Қош келдіңіздер, құрметті ата — аналар, балалар, барша қонақтар! Бүгін — 1 қыркүйек – Білім күні. Мерекелеріңіз құтты болсын!
Тәрбиеші: Білім бастауы – балабақшада. Ендеше бүгінгі мерекеде тағы бір әнімізді балабақшамызға арнайық!

Ән: ***«Мен әдепті баламын»***
Тәрбиеші: Енді біздің балалардың білім алудың маңызына байланысты тақпақтарын тыңдап көріңіздер.

**Білім керек бәріне**

Аяла:Мұхиттарды жалғасам
Таңдандырар бар елді.
Әсем:Ғажап үйлер сала алсам
Жасартатын әжемді.
Бекжан:Дәрі де ойлап таба алсам….
Сырлары көп ғылымның

Әли:Балабақшам – айтар әнім
Сан рет қайталадым
Айбибі:Балабақша – анамыз
Оқып білім аламыз
Өнерпаз боп өсетін
Би: «Ленталармен»
Көңілді музыкамен Жалқаубек келеді.
**Жалқаубек:** О, мұнда балалар көп екен! Жақсы болды! Неге сонша сықиып киініп алғансыңдар?
**Балалар:** Бүгін – білім күні ғой! Үлкен мереке! Біз енді ойынды азайтамыз, көбірек оқитын боламыз.
**Жалқаубек:** Солай деңдер?! Ал көп оқып миды ашытып керегі не? Балалар, мен сендермен ойын ойнағым келіп тұр, мына сөмкемнің ішіндегі оқу құралдары мен ойыншықтары араласып кетіпті, соны ажыратуға көмектесесіңдер ме?

**Ойын: Кім жылдам?**

*Шарты*: Оқу құралдарын бөлек, ойыншықтарды бөлек жинау,
*Жүргізуші:* Жарайсыңдар! Өнерлерің өрге жүзсін! Бүлдіршіндеріміздің өнер, білім үйреткен, сүйікті балабақшаға арнаған кезекті бір әніне кезек берейік.

# Менің отаным-Қазақстан!














№11 «Балапан» бөбежай – балабақшасы

**Бекітемін:**
**№11 «Балапан» бөбекжай- балабақшасы**
**КМҚК-ның**
**меңгерушісі______________С.Мухашова**

**Тексерілді:**
**Балабақша әдіскері:**
**___________А.Шуиншалиева**

# «Әділетті Қазақстан: сапалы білім,адал ұрпақ, табысты ұлт»

№6 «Балдырған» ортаңғы тобы

2023-2024 оқу жылы

**Мақсаты:**

- 1 қыркүйек – Білім күні мерекесінің маңызын түсіндіру, сезіндіру;
- Бүлдіршіндерге Білім күні мерекесінің мән-мағынасын ұғындыру;

*«Әнұран» орындалады.*

**Тәрбиеші:** Қош келдіңіздер, құрметті ата — аналар, балалар, барша қонақтар! Бүгін — 1 қыркүйек – Білім күні. Мерекелеріңіз құтты болсын!
Тәрбиеші: Білім бастауы – балабақшада. Ендеше бүгінгі мерекеде тағы бір әнімізді балабақшамызға арнайық!

Ән: ***«Мен әдепті баламын»***
Тәрбиеші: Енді біздің балалардың білім алудың маңызына байланысты тақпақтарын тыңдап көріңіздер.

**Білім керек бәріне**

Аяла:Мұхиттарды жалғасам
Таңдандырар бар елді.
Әсем:Ғажап үйлер сала алсам
Жасартатын әжемді.
Бекжан:Дәрі де ойлап таба алсам….
Сырлары көп ғылымның

Әли:Балабақшам – айтар әнім
Сан рет қайталадым
Айбибі:Балабақша – анамыз
Оқып білім аламыз
Өнерпаз боп өсетін
Би: «Ленталармен»
Көңілді музыкамен Жалқаубек келеді.
**Жалқаубек:** О, мұнда балалар көп екен! Жақсы болды! Неге сонша сықиып киініп алғансыңдар?
**Балалар:** Бүгін – білім күні ғой! Үлкен мереке! Біз енді ойынды азайтамыз, көбірек оқитын боламыз.
**Жалқаубек:** Солай деңдер?! Ал көп оқып миды ашытып керегі не? Балалар, мен сендермен ойын ойнағым келіп тұр, мына сөмкемнің ішіндегі оқу құралдары мен ойыншықтары араласып кетіпті, соны ажыратуға көмектесесіңдер ме?

**Ойын: Кім жылдам?**

*Шарты*: Оқу құралдарын бөлек, ойыншықтарды бөлек жинау,
*Жүргізуші:* Жарайсыңдар! Өнерлерің өрге жүзсін! Бүлдіршіндеріміздің өнер, білім үйреткен, сүйікті балабақшаға арнаған кезекті бір әніне кезек берейік.







“Әділетті Қазақстан: сапалы білім,адал ұрпақ,табысты ұлт”

“Балдырған” ортаңғы тобы









№11 «Балапан» бөбекжай-балабақшасы

Бекітемін:
Балабақша меңгерушісі:
_________С.Мухашова

Тексерілді:
Балабақша әдіскері:
_________А.Шуиншалиева

# Әділетті Қазақстан: сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт

/1 қыркүйек - білім күніне арналған іс-шара/

№8 «Құлагер» ересек тобы

Тәрбиеші: Г.Баймаханова

01.09.2023жыл

**Міндеті:**
Балаларға 1 қыркүйек күні – білім күні жайында түсінік беру. Өз туған елдеріне, жерлеріне, балабақшасына сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Байланыстырып сөйлеуге, сөйлем құра білуге үйрету.
**Ресурстар:** Слайдтар, суреттер, әр елдің туларының суреттері

**Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап.

**Барысы:**

Естігенде көк аспанның астында,
Тік тұрындар айтылғанда Әнұран.
Бар қазақтың үніндей шарықта,
Шарықташы, Әнұраным, шарықта! Мемлекеттік гимн орындау.
Тәрбиеші: Қымбатты балалар! Сіздерді бүгінгі жарқын да қуанышты, айтулы мереке – Білім күнімен құттықтаймын!
Тәрбиеші: Балалар, бүгін бізде ерекше күн,1-қыркүйек барша халықтың дәстүрлі мерекесі! Бұл күн үлкен мереке күні болып саналады. Әр бір мектептерде, балабақшаларда, тұңғыш қоңырау соғылады (тәрбиеші қоңырау соққан баланың суретін көрсетеді).
Осы алғашқы қоңыраудан бастап күнделікті оқу басталады. Балалар, жақсы, білімді, тәрбиелі азамат болу үшін, ерінбей оқу оқып, білім алу керек

Балалар, біз кеше Қазақстан Республикасының Ата Заң күнін тойладық, ендеше есімізге түсірейікші, біз қандай Қазақстан Республикасының рәміздерін білеміз. (балалардың жауабын тыңдау)
Тәрбиеші: Дұрыс, Гимн, Елтаңба, Ту.
Балалар, айтындаршы, біз қай Республикада тұрамыз?
Балалар: Біз Қазақстан Республикасында тұрамыз.
Тәрбиеші: Қазақстан Республикасының президенті кім?
Балалар: Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев
Тәрбиеші: Өте жақсы балалар. Жарайсыңдар!

Ендеше біз Ата Заңға байланысты тақпақтарымызды айтайықшы.

**Раяна:** Отызыншы тамыз бұл,

Ата Заңның күнімен.

Құттықтаймын сіздерді,

Әнім менен жырыммен.

**Айсұлтан:** Конституция күнімен,

Құттықтаймын сіздерді.

Тыныш болып еліміз,

Бақытты етер біздерді.

**Мариям:** Құтты болсын мерекең,

Ата Заңым шырағым.

Жасай берсін мәңгілік,

Тәуелсіздік жыр, әнім.

**Асхат:** Отаным менің жүрегім,

Жарқырай бер, жайнай бер.

Ата Заңым жыл сайын,

Мерекеңді тойлай бер!

**Әмина:** Біз – еліміздің жас өркеніміз,

Желді керген желкеніміз.

Желбіретер көкте туын,

Біз – еліміздің ертеңіміз!

Тәрбиеші: Жарайсыңдар, балалар. Енді ойын ойнайық.

**Ойын: «Туды тап»**

Ойын шарты: Әр елдің туының арасынан өз еліміздің туын табу

Балаларға слайд арқылы Білім күнін түсіндіру.

Тәрбиеші: Балалар,енді білім күніне қандай тақпақтар білеміз?

**Адина:** Әлемдегі барша жұрт,

Бас иеді білімге.

Білім күнін қарсы алып,

Қыркүйектің бірінде.

**Нұрай**: Кел – кел досым бақшаға,

Естимісің үнімді.

Сауат ашып, тіл дамытып,

Үйренейік білімді.

**Әбдусаттар:** Өсті міне бойымыз,

Өсті міне ойымыз.

Қуанышқа ортақпыз,

Құтты болсын тойымыз.

**Асылым:** Өмірдің бейбіт бағы бұл,

Асудан асып асқарлы.

Мінекей биыл тағы бір,

Жаңа оқу жылы басталды.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар! «Көлеңкесін тап» деген ойын ойнайық.

**Ойын: «Көлеңкесін тап»**

Шарты: Алдарына оқу құралдарының суреттері салынған парақ таратылып беріледі. Суреттің екінші қатарында көлеңкелері бейнеленген. Әр суреттің көлеңкесін қарындашпен сызық арқылы қосып, табады.

Тәрбиеші: Міне, балалар, осы күннен бастап бізде күнделікті іс - әрекетімізде, қызықты да көп нәрсеге үйренетін күндеріміз басталды. Әрқашан бүгінгідей жақсы көңілмен, барлығын үйренеміз.

**Ойын: «Оқу құралдарын тап»**

Шарты: Үстел үстінде ойыншықтармен араласып жатқан оқу құралдарын тауып, сөмкеге салу.

Баршаңызды бүгінгі Білім күнімен және жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын. Сіздерге бүгінгі ерекше, жайма шуақ күні жақсы көңіл - күй, жаңа жетістіктер мен ұдайы ізденіс, шығармашылық, мықты денсаулық және жаңа бастамаларда тек қана сәттілік тілеймін! Бүгінгі күн Сіздер үшін үлкен үміттер күні болсын!
Бүгінгі 1-ші қыркүйек – білім күніне арналған іс - әрекетіміз осымен аяқталды.
Сау болыңыздар!!!







# “Әділетті Қазақстан: сапалы білім,адал ұрпақ,табысты ұлт”

“Құлагер” ересек тобы

Тәрбиеші: Баймаханова Г







*№ 11 «Балапан» бөбекжай-балабақшасы*

*Бекітемін:* ________ *Келісемін:* ________

*Балабақша меңгерушісі: С.Мухашова* *Балабақша әдіскері: Шуиншалиева А*

# Әділетті Қазақстан:сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт

**/1 қыркүйек-білім күніне арналған іс-шара/**

№9 «Қарлығаш» ересек тобы

**Міндеті:**
Балаларға 1-қыркүйек күні – білім күні жайында түсінік беру. Өз туған елдеріне, жерлеріне, балабақшасына сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Байланыстырып сөйлеуге, сөйлем құра білуге үйрету.

**Ресурстар:** слайд, суреттер.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, сұрақ-жауап

**Барысы:**
Естігенде көк аспанның астында,
Тік тұрындар айтылғанда Әнұран.
Бар қазақтың үніндей шарықта,
Шарықташы, Әнұраным, шарықта! Мемлекеттік гимн орындау.
Тәрбиеші: Шаттық шеңбері:
Жаңа қадам жасадым,
Қош болып тұр, бесігім.
Мен қуанып ашамын,
Балабақша есігін.
Тәрбиеші: Құрметті тәрбиешілер! Қымбатты балалар! Сіздерді бүгінгі жарқын да қуанышты, айтулы мереке – Білім күнімен құттықтаймын!
Тәрбиеші: Балалар, бүгін бізде ерекше күн, бүгінгі оқу қызметіміз біздің білім күніне, бірінші қыркүйек күніне арналады. 1-ші қыркүйек күні барлық балабақшаларда, мектептерде басқа да білім беру мекемелерде сабақтар басталады. 1-қыркүйек барша халықтың дәстүрлі мерекесі! Бұл күн сендер үшін, яғни оқушылар үшін және біздер үшін, ұстаздар, тәрбиешілер үшін үлкен мереке күні болып саналады. Әр бір мектептерде, балабақшаларда, басқа да білім беру мекемелерде тұңғыш қоңырау соғылады (тәрбиеші қоңырау соққан баланың суретін көрсетеді).
Осы тұңғыш қоңыраудан бастап күнделікті оқу басталады. Балалар, жақсы, білімді, тәрбиелі азамат болу үшін, ерінбей оқу оқып, білім алу керек. Ол үшін сендер балабақшаға күнде келіп, сабақ оқып, тәрбие алу керексіңдер.
Балалар, біз өткен оқу қызметімізде Қазақстан Республикасының рәміздері жайында білім алғанбыз, ендеше есімізге түсірейікші, біз қандай Қазақстан Республикасының рәміздерін білеміз. (балалардың жауабын тыңдау)
Тәрбиеші: Дұрыс, Гимн, Елтаңба, Ту.
Балалар, айтыңдаршы, біз қай Республикада тұрамыз?
Балалар: Біз Қазақстан Республикасында тұрамыз.
Тәрбиеші: Дұрыс. Қазақстан Республикасының президенті кім?
Балалар: Қасым-Жомарт Тоқаев Кемелұлы
Тәрбиеші: Өте жақсы. Біздің Қазақстан Республикасының елордасы қай қалада?
Балалар: Қазақстан Республикасының елордасы Астана қаласы.
Тәрбиеші: Өте жақсы балалар. Айтыңдаршы, біз қай қалада туып, өмір сүріп жатырмыз?
Балалар: Біз Қазалы ауданы, Әйтеке би кентінде туып, өмір сүріп жатырмыз.
Тәрбиеші: Балалар, айтыңдаршы, біздің балабақшамыздың аты қалай?
Балалар: «Балапан» бөбекжай-бақшасы.
Тәрбиеші: Өте жақсы балалар. Сендер өздеріннің Республикаларын, рәміздер жайында, елорда жайында барлығын білесіңдер. Жарайсыңдар!

II. Негізгі бөлім.
Ендеше біз бүгінгі мерекеге арналған өлең тақпақтарымызбен оқу қызметімізді жалғастырайық.
Шаттық шеңбері:
Күндей болып күлеміз,
Гүлдей болып өсеміз.
Құстай болып ұшамыз,
Көбелектей қонамыз.
Тәрбиеші: Бүкіл елде басталып бүгін жыры,
Бақ қоңырау шақырар ұғымдыны.
Білім — ғылым бастауы, мерекелі
Құтты болсын бүгінгі Білім күні! (шапалақ).
**Нұрсезім:** Жымыңдап күз келді,
Күліңіз сіз де енді.
Бірінші қыркүйек
Қарсы алшы біздерді!
**Қуаныш:** Өсті міне бойымыз,
Өсті міне ойымыз.
Қуанышқа ортақпыз,
Құтты болсын мерекеміз.
**Жұпар-Ай:** Сырлары көп ғылымның
Шешілмеген әлі де
Тереңдігі білімнің
Керек екен бәріне!
**Алинұр:** Білім — менің ертеңім
Өсу үшін өркенім
Жүзем оқу — айдында
Жайып білім желкенін
**Альфина:** Қиындықтан өтуге
Армандарға жетуге
Білім алам ерінбей
Еліме қызмет етуге!
Тәрбиеші: Қыркүйектің бірінде,
Кеудем толы дірілге,
Құлақ түйем елеңдеп,
«Бақша» деген бір үнге.
Тәрбиеші: Енді балалардың мақал-мәтелдерді жалғастырайық
**Муслим;**Білекті бірді жығар,
Білімді мыңды жығар.
**Алтынай:**Кітап- білім бұлағы,
Білім – өмір шырағы.
**Танакөз:**Ақыл азбайды,
Білім тозбайды.
Оқы да біл,
Ойна да күл.
Тәрбиеші: Білім күні құтты болсын!
**Ойын:Ғажайып қоржын**

Мақсаты:ғажайып қоржынның ішінен бірнеше заттар ойыншықтар,оқу құралдары бар.Сол заттардың ішінен оқу құралдарының бірі бөлек,ойыншықтарды бір бөлек жинап алу керек.(балалар оқу құралдары мен ойыншықтарды ажыратып,бөлек жинайды)

III. Қорытынды бөлім.

Шырылдаған тыным алмай
Қоңыраудың үні қандай!
Мақсатына жете ме адам
Оқу оқып, білім алмай?!
Ғылымның көп тас қамалы
Ғалымдық та асқаралы
Бар білімнің нұр бастауы —
Балабақшадан басталады!

Тәрбиеші: Міне, балалар, осы күннен бастап бізде күнделікті оқу қызметіміз, қызықты да көп нәрсеге үйренетін күндеріміз басталды. Әрқашан бүгінгідей жақсы көңілмен, барлығын үйренеміз. Бүгінгі оқу қызметіне жақсы қатысқандарың үшін көп рахмет. Баршаңызды бүгінгі Білім күнімен және жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын. Сіздерге бүгінгі ерекше, жайма шуақ күні жақсы көңіл күй, жаңа жетістіктер мен ұдайы ізденіс, шығармашылық, мықты денсаулық және жаңа бастамаларда тек қана сәттілік тілеймін! Бүгінгі күн Сіздер үшін үлкен үміттер күні болсын!

Бүгінгі 1-ші қыркүйек – білім күніне арналған оқу қызметіміз осымен аяқталды. Сау болыңыздар!!!

# Әділетті Қазақстан:Сапалы білім, адал ұрпақ,табысты ұлт













**1 қыркүйек білім күні**

**"Қарлығаш" ересек тобы**

Бекітемін:
№11«Балапан» бөбекжай-балабақша
меңгерушісі С.Мухашова____________

Тексерілді:
Балабақша әдіскері:
А.Шуиншалиева____________

# «Қош келдің,Білім күні!»

## «Еркетай» ортаңғы тобы

**Тәрбиеші: Алдашқызы Р**

**2023жыл**

**1 қыркүйек - Білім күні құтты болсын!**

Мақсаты:Балаларға 1-қыркүйек күні – білім күні жайында түсінік беру. Өз туған елдеріне, жерлеріне, балабақшасына сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Байланыстырып сөйлеуге, сөйлем құра білуге үйрету.

Көрнекі-құралдар: Қазақстан Республикасының рәміздері, суреттер.

Әдіс-тәсілдер: көрнекілік, сөздік, сұрақ-жауап.

Тәрбиеші: Биіктерге бастайтын асқаралы
Әр жүректің сүйікті, асқақ әні
Мерекеде бәріміз бір дауыспен
Шырқайық бақшамыздың әнұранын!

Балабақша әнұраны

Тәрбиеші: Құрметті тәрбиешілер! Қымбатты балалар! Сіздерді бүгінгі жарқын да қуанышты, айтулы мереке – Білім күнімен құттықтаймын!

Тәрбиеші: Балалар, бүгін бізде ерекше күн, бүгінгі оқу қызметіміз біздің білім күніне, бірінші қыркүйек күніне арналады. 1-ші қыркүйек күні барлық балабақшаларда, мектептерде басқа да білім беру мекемелерде сабақтар басталады. 1-қыркүйек барша халықтың дәстүрлі мерекесі! Бұл күн сендер үшін, яғни оқушылар үшін және біздер үшін, ұстаздар, тәрбиешілер үшін үлкен мереке күні болып саналады. Әр бір мектептерде, балабақшаларда, басқа да білім беру мекемелерде тұңғыш қоңырау соғылады (тәрбиеші қоңырау соққан баланың суретін көрсетеді).

Балалар, біз қандай Қазақстан Республикасының рәміздерін білеміз.

(балалардың жауабын тыңдау)

Тәрбиеші: Дұрыс, Гимн, Елтаңба, Ту.

Балалар, айтыңдаршы, біз қай Республикада тұрамыз?

Балалар: Біз Қазақстан Республикасында тұрамыз.

Тәрбиеші: Дұрыс. Қазақстан Республикасының президенті кім?

Балалар: Қасым-Жомарт Тоқаев Кемелұлы

Балаларды кітап,сызғыш.қалам 3 топқа отырғызу.

**Ойын:Ғажайып сөмке**

Мақсаты: Балаларды 3 топ бөліп отырады.Балалардың алдына сөмке және оқу құралдары беріледі берілген оқу құралдардың көлеңкесін табу арқылы сөмкеге жинайды.

**Ойын:Бөлігін тап.**

Мақсаты:Берілен оқу құралдардың бөлігін табу арқылы бөліктерді құрастырады.

# «Әділетті Қазақстан:Сапалы білім,адал ұрпақ, табысты ұлт"













**"Еркетай"**
**ортаңғы тобы**
**Тәрбиеші:**
**Р.Алдашқызы**

№ 11 «Балапан» бөбекжай-балабақшасы

Бекітемін: ____________
Балабақша меңгерушісі: С.Мухашова

Келісемін: ____________
Балабақша әдіскері: Шуиншалиева А

# Әділетті Қазақстан:сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт

/1 қыркүйек-білім күніне арналған іс-шара/

№12 «Құлыншақ» МАД тобы

Тәрбиеші: Рахметова С

**Міндеті:**

1 қыркүйек – Білім күні мерекесінің маңызын түсіндіру, сезіндіру;

- Бүлдіршіндерге Білім күні мерекесінің мән-мағынасын ұғындыру;
- Сахналық мәдениетін қалыптастыру; Мерекелік көңіл-күй сыйлау.

**Ресурстар:** слайд, суреттер.

**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, сұрақ-жауап

**Барысы:**

*«Әнұран» орындалады.*

Шырылдаған тыным алмай,
Қоңыраудың үні қандай?!
Мақсатына жете ме адам
Оқу оқып, білім алмай?!
Ғылымның көп тас қамалы
Ғалымдықта асқаралы
Бар білімнің нұр бастауы —
Балабақшадан басталады.

Тәрбиеші: Құрметті тәрбиешілер! Қымбатты балалар! Сіздерді бүгінгі жарқын да қуанышты, айтулы мереке – Білім күнімен құттықтаймын!

Тәрбиеші: Балалар, бүгін бізде ерекше күн, бүгінгі оқу қызметіміз біздің білім күніне, бірінші қыркүйек күніне арналады. 1-ші қыркүйек күні барлық балабақшаларда, мектептерде басқа да білім беру мекемелерде сабақтар басталады. 1-қыркүйек барша халықтың дәстүрлі мерекесі! Бұл күн сендер үшін, яғни оқушылар үшін және біздер үшін, ұстаздар, тәрбиешілер үшін үлкен мереке күні болып саналады. Әр бір мектептерде, балабақшаларда, басқа да білім беру мекемелерде тұңғыш қоңырау соғылады (тәрбиеші қоңырау соққан баланың суретін көрсетеді).

Осы тұңғыш қоңыраудан бастап күнделікті оқу басталады. Балалар, жақсы, білімді, тәрбиелі азамат болу үшін, ерінбей оқу оқып, білім алу керек. Ол үшін сендер балабақшаға күнде келіп, сабақ оқып, тәрбие алу керексіңдер.

Балалардың білім күніне арналған тақпақтарына кезек берейік:

**Әли**

Кел балалар, оқылық!
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық,
Оқысаңыз балалар
Шамнан шырақ жағылар,
Тілегенін алдынан
Іздемей – ақ табылар.

**Айшабибі**

Шырылдаған тыным алмай,
Қоңыраудын үні қандай,
Мақсатына жетеме адам,
Оку оқып білім алмай.

**Нұртілек**

Қиындықтан өтуге,
Армандарға жетуге,
Білім алам ерінбей
Еліме қызмет етуге.

**Нарұл**

Өсті міне бойымыз,
Өсті міне ойымыз.
Қуанышқа ортақпыз,
Құтты болсын тойымыз

**Дәулет**

Әлемдегі барша жұрт,
Бас иеді білімге.
Білім күнін қарсы алып,
Қыркүйектің бірінде.

**Данелья**

Риза етіп баршаны
Әсем әнге саламыз
Таудан биік талабы
Біз - сүйікті баламыз.

**Алуа**

Мектеп – ұя, құт қонған,
Білім нұры тараған.
Ұлағатты ұстаздан,
Сабақ алған бар адам.

**Еңлік**

Сергіп бойың, ой-санаң,
Үш ай жазда демалып.
Сен келесің қайтадан,
Мектебіңе оралып.

**Керейхан**

Құлпырады қыр гүлі,
Арайланып таң нұры.
Қауышады бұл күні,
Сыныптастың барлығы.

**Мағжан**

Ұлан болып үлгілі,
Әлі-ақ өсіп-толады:
Бүлдіршіндер бұл күні,
Мектепке алғаш барады.

**Айша**

Сайрап көңіл бұлбұлы,
Гүлге толып омырау.
Соғылады бұл күні,
Ең алғашқы қоңырау.

**Рамазан**

Туған Ана тілің де,
Қасиетті дінің де,
Көкейіңе ұялар,
Құштар болсаң білімге.

**Ибраһим**

Өмірдің бейбіт бағы бұл,
Асудан асып асқарлы
Мінекей, биыл тағы бір
Жаңа оқу жылы басталды.

**Нұрмұхаммед**

Берекесін сыйлауға
Өлкемізге күз келді
Жемістерін жинауға
Шақырады біздерді

**Мырзатай**

Туған Ана тілің де,
Қасиетті дінің де,
Көкейіңе ұялар,
Құштар болсаң білімге.

**Тарғын**

Бақытты боп жүргенім
Сенің арқаң Қазақстан
Елім менің тірегім
Құшағында гүл ашам.

**Аяулым**

Кел - кел досым бақшаға
Естимісің үнімді
Сауат ашып тіл дамытып
Үйренейік білімді.

**Ай-Ару**

Бүкіл елде басталып бүгін жыры
Бақ қоңырау шақырар ұғымдын
Білім - ғылым бастауы мерекелі
Құтты болсын бүгінгі білім күні

**Ойын: Кім жылдам?**
Шарты: Оқу құралдарын бөлек, ойыншықтарды бөлек жинау,
Жүргізуші: Жарайсындар! Өнерлерің өрге жүзсін! Бүлдіршіндеріміздің өнер, білім үйреткен, сүйікті балабақшаға арнаған кезекті бір әніне кезек берейік.

Шырылдаған тыным алмай
Қоңыраудың үні қандай!
Мақсатына жете ме адам
Оқу оқып, білім алмай?!
Ғылымның көп тас қамалы
Ғалымдық та асқаралы
Бар білімнің нұр бастауы —
Балабақшадан басталады!
Тәрбиеші: Міне, балалар, осы күннен бастап бізде күнделікті оқу қызметіміз, қызықты да көп нәрсеге үйренетін күндеріміз басталды. Әрқашан бүгінгідей жақсы көңілмен, барлығын үйренеміз. Бүгінгі оқу қызметіне жақсы қатысқандарың үшін көп рахмет. Баршаңызды бүгінгі Білім күнімен және жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын. Сіздерге бүгінгі ерекше, жайма шуақ күні жақсы көңіл күй, жаңа жетістіктер мен ұдайы ізденіс, шығармашылық, мықты денсаулық және жаңа бастамаларда тек қана сәттілік тілеймін! Бүгінгі күн Сіздер

үшін үлкен үміттер күні болсын!
Бүгінгі 1-ші қыркүйек – білім күніне арналған оқу қызметіміз осымен аяқталды. Сау болыңыздар!!!






Мұғалім

